

Аудан әкімдігінің 2016 жылғы 16 тамыздағы "Зеленов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 244 "Зеленов ауданы бойынша 2016 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" № 603 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 703 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2016 жылғы 16 тамыздағы № 603 "Зеленов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 244 "Зеленов ауданы бойынша 2016 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4551 тіркелген, 2016 жылғы 23 қыркүйектегі "Сатып Алу Ақпарат" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Шауеновке жүктелсін.

Аудан әкімі

К.Жақыпов